

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Экономика және Бизнес Жоғары мектебі

Бизнес-технологиялар кафедрасы

**«ETS 71952 БІРТҰТАС ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІ»
ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«6В11301-Логистика» (сала бойынша) мамандығы
бойынша білім беру бағдарламасы
2 курс,қазақ бөлімі**

Құрастырушы: Мухамедиева Г.М., PhD аға оқытушы
(дайындалған - А.Ж.Т.лауазымы, дәрежесі
және атағы)

«ETS 71952 Біртұтас тасымалдау жүйесі» пәні бойынша қорытынды емтихан
жүргізу бағдарламасы кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды
« 16.10.2024 ж.», хаттама № 4

Кіріспе

Қорытынды емтихан 15 апта алған білімнің нәтижесі ретінде жазбаша түрде дәстүрлі форматта жүргізілді.

ЖАЗБАША ЕМТИХАН: ДӘСТҮРЛІ-СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП ЖАЗУ.

Емтихан форматы–офлайн.

Жазбаша емтихан - емтихан кестесі бойынша білім алушы автоматты түрде жинақталатын емтихан билетінің сұрақтарына жауап беру арқылы оффлайн форматта (емтихан кестесіндегі аудиторияда) емтихан тапсырады. Емтихан тапсыруды Проктор (кезекші оқытушылар) бақылайды. Емтихан ережелері студенттерге қосымша жіберілетін болады және кеңес беру кезінде түсіндіріледі.

Емтихан кезінде берілген сұрақтарға студент толық жауап беруі керек.

Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Көлік. Көлікпен қамтамасыздандыру.
2. Көліктің технико-эксплуатациялық қолдану сипаттамасы.
3. Магистральдық көліктің технико-эксплуатациялық сипаттамасы.
4. Қалалық және қала маңындағы көлік түрлері, сипаттамасы
5. Өндірістегі көлік түрлері.
6. Өндірістегі көлік түрлеріндегі ақпараттық технологиялар
7. Көлік түрлерінің экономикалық көрсеткіштері
8. Көлік түрін таңдаудың әдістері мен принциптері
9. Аралас тасымалдаулар және олардың тиімділігі
10. Тасымалдау үрдісіндегі көлік желілері. Көлік желілерінің негізгі қызметтері
11. Көлік желілерін жобалаудың негізгі принциптері
12. Тасымалдау кезіндегі қауіпсіздіктің түрлері
13. Әртүрлі көлік түрлерінің қызметін оңтайландыру жолдары

Емтихан тапсыру кезінде студенттер:

- елдің бірінғай көлік жүйесі және оның құрылымындағы ұғымдарын түсіндіру;
- көліктің құрылымдық-функционалдық сипаттамасын анықтау;

- магистральдық, өнеркәсіптік, қалалық және қала маңындағы көлік түрлерін жіктеу;
- жүк пен маршруттарға сәйкес көлік түрін таңдау;
- магистральдық, өнеркәсіптік, қалалық және қала маңындағы көлік түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;
- қала және қала маңы көлігінің әр түрлі түрлерін ұтымды пайдалану саласын талдау;
- теміржол, автомобиль, су, әуе, құбыржол және басқа да көлік түрлерінің қатынас жолдарын жобалау ережелерімен нормаларын, бірыңғай көлік жүйесі шеңберінде көлік түрлерінің өзара іс-қимыл жасау тәсілдерімен нысандарын айқындау;
- көлік жұмысының көрсеткіштерін, оңтайлылық өлшемдерін есептеу
- әр түрлі көлік түрлерінде экономикалық көрсеткіштерді есептеу және олардың ерекшеліктерін анықтау;
- көлік шығындарын және тұтынушылардың көлік шығындарын бағалау;
- ҚР көлігін дамытудың қазіргі жағдайы мен проблемаларын талдау;
- ҚР Көліктегі қауіпсіздік мәселелерін талдау;
- ҚР Көліктегі қауіпсіздік мәселелерін бақылайтын ұйымдарға баға беру.
-

Емтиханға дайындалатын бағдарламалық тақырыптар:

Тақырып 1. Көлік. Көлікпен қамсыздандыру. Көліктің құрылымдық-функционалдық сипаттамасы. Көліктік қамтамасыз ету және қолжетімділік. Көлік жүйесін басқару және мемлекеттік реттеу жүйесі. Өртүрлі көлік түрлерінің өзара іс-қимылы мен бәсекелестігінің нысандары мен салалары.

Тақырып 2. Көліктің техникo-эксплуатациялық қолдану сипаттамасы. Көлік жүйесінің көрсеткіштері. Көлікпен қамтамасыз етілу және қолжетімділік. Өзара әрекеттесу нысандары мен бағыттары және әр түрлі көлік түрлерінің бәсекелестігі

Тақырып 3. Магистральдық көліктің техникo-эксплуатациялық қолдану сипаттамасы. Әр түрлі көлік түрлерінің ерекшеліктерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау. Теміржол көлігі. Автомобиль көлігі. Өзен көлігі. Теңіз көлігі. Әуе көлігі. Магистральдық құбыр көлігі.

Тақырып 4-5 . Қалалық және қала маңындағы көлік түрлері, сипаттамасы. Қалалық және қала маңындағы көліктің жалпы сипаттамасы. Қалалық және қала маңындағы көліктің әртүрлі түрлерін ұтымды пайдалану салалары.

Тақырып 6-7. Өндірістің түрлері бойынша көлік түрлерін қолдану. Өнеркәсіптік көлік түрлері және олардың сипаттамалары. Өнеркәсіптік көліктің әртүрлі түрлерін ұтымды пайдалану салалары.

Тақырып 8 . Көлік түрлерінің экономикалық көрсеткіштері. Көрсеткіштер тобы және оларды анықтайтын факторлар. Тасымалдауды уақытылы орындау көрсеткіштері. Тасымалданатын жүктердің сақталу көрсеткіштері, Көлік пайдананушыларына көліктік қызмет көрсету сапасы.

Тақырып 9. Көлік түрін таңдаудың әдістері мен принциптері. Көлік түрлерін таңдау принциптері. Көлік құралдарын таңдау. Көлік түрін таңдау критерийлері. Көлік түрін таңдаудағы шешім қабылдау алгоритмі.

Тақырып 10. Аралас тасымалдаулар және олардың тиімділігі. Тікелей аралас тасымалдар және олардың тиімділігі. Аралас тасымалдар қағидалары. Мультимодальдық тасымалдың тиімділігі мен сенімділігі. Халықаралық аралас тасымалдар.

Тақырып 11-12. Тасымалдау үрдісіндегі көлік желілері. Көлік желілерінің негізгі қызметтері. Қалалық көлік желілері. Көлік процесі және көліктік желі түсінігі. Жолаушылар тасымалының классификациясы. Жүк тасымалдау классификациясы.

Тақырып 13. Көлік желілерін жобалаудың негізгі принциптері. Көлік инфрақұрылымы. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымның тиімділігі. Біртұтас көлік жүйесінде көліктің әр түрінің өзара әрекеттесу саласы.

Тақырып 14. Тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік түрлері. Көліктегі қауіпсіздік мәселелерін бақылайтын ұйымдар. Көліктегі қауіпсіздік мәселелері. Көліктің ғылыми мәселелері. Көліктегі экология мәселелері.

Тақырып 15. Көлік түрлерінің қызметін оңтайландыру. Көлік түрін таңдауды оңтайландыру. Жүктерді жеткізудің көліктік-технологиялық сұлбасын құру және жүк тасымалық оңтайлы игеру.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

BAK/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1 сұрақ max -30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ max -30 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің болуы	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36-40 балл)	70–89% (35-28 балл)	50–69% (27-20 балл)	25–49% (19-10 балл)	0–24% (0-9 балл)
3 сұрақ max -40 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

Емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын оқу әдебиеті:

Әдебиет:

1. Аксенов И.Я. Единая транспортная система: Учебник для вузов. М.: Высшая школа, 2019.
2. Единая транспортная система: Уч. Для вузов/В.Г. Галабурда, В.А. Персианов, А.А. Тимошин и др.; под ред.В.Г. Галабурды. 6- е изд.с изменен.и дополн. - М.: Транспорт 2021.
3. Основы взаимодействия железных дорог с другими видами транспорта: Уч. Для вузов/ В.В. Повороженко, Н.К. Сологуб, А.А. Тимошин, В.Г. Галабурда; под ред. В.В. Повороженко. - М.; Транспорт, 2019. - 216с.
4. Герами, В. Д. Управление транспортными системами. Транспортное обеспечение логистики : учебник и практикум для вузов / В. Д. Герами

Кәсіби ғылыми мәліметтер базасы:

5. <https://logistics.ru/>
6. Кәсіби сайт www.logistician.ru

Интернет-ресурстар:

- 1) консалтинговая компания bestlog : [офиц. Сайт]. Режим доступа: www.1bestlog.ru.
- 2) сообщество специалистов по логистике и управлению цепями поставок : [сайт]. Режим доступа: www.logistician.ru.2.

Онлайн: Қосымша материал және интернет-көздері универ жүйесіндегі парақшада.

ЖАЗБАША ЕМТИХАН UNIVER АЖ

Емтихан кезінде берілген сұрақтарға студент толық жауап беру керек.

ЕМТИХАН ЖҮРГІЗІЛУ ТӘРТІБІ

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ емтихан студенттер мен оқытушыларға алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

Уақыт бойынша шектеу қойылады. Емтиханның ұзақтығы – 2 сағат.

СТУДЕНТ

1. Емтиханға 30 минут қалғанда емтихан кестесінде көрсетілген аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп кіруі тиіс;
2. Емтихан сұрақтарына толық жауап бергеннен кейін билет пен жауап парақтарын емтихан қабылдаушы мұғалімге өткізеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. Емтихан уақытында ұялы телефонды қолдануға рұқсат етілмейді.

Егер білім алушылар тарапынан рұқсат етілмеген материалдарды пайдалану немесе өзге де нұсқауларды алу анықталса немесе студенттің жұмысында оны тану белгілері (студенттің аты-жөні, арнайы символдар мен белгілер) қалдырылса, емтиханның нәтижесі жойылуы мүмкін.

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ТОЛЫҒЫРАҚ НҮСҚАУЛЫҚПЕН емтихан қабылдаушы мұғалімнен алуға болады.